

Алтаева Гүлмира Орынбайқызының «6D050600 - Экономика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынған «Авиация саласының бәсекеге қабілеттілігі Қазақстан Республикасының экономикалық даму факторы ретінде» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің

Пікірі

Қазіргі уақытта көлік және коммуникация инфрақұрылымының дамуы мемлекеттердің экономикалық әлеуетін қалыптастыру мен олардың халықаралық кеңістікке ықпалдасу мүмкіндігін айқындайтын негізгі факторлардың бірі болып отыр. Осы инфрақұрылымдық жүйелердің ішінде авиация саласы ерекше мәнге ие, себебі ол елдің тұрақты экономикалық өсуін қамтамасыз етуде, ішкі және сыртқы нарықтарды өзара байланыстыруда, сондай-ақ өңірлер арасындағы экономикалық қатынастарды жандандыруда шешуші рөл атқарады.

Бүгінде Қазақстанның азаматтық авиация саласы даму үдерісінде бірқатар жүйелі қиындықтарға кезігуде. Олардың ішінде нарықтағы шоғырлану деңгейінің жоғары болуы, жекелеген авиакомпаниялардың қаржылық тұрақсыздығы, әуежай инфрақұрылымының заманауи техникалық талаптарға толық сай келмеуі және халықаралық авиациялық қауіпсіздік стандарттарын енгізу қажеттілігі ерекше назар аудартады. Мұндай факторлар саладағы бәсекелестіктің төмендеуіне және сыртқы нарықтарға шығу мүмкіндігінің шектелуіне себепші болуда.

Осыған байланысты авиация саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыру мәселесін кешенді түрде талдау - Қазақстанның тұрақты экономикалық дамуы мен ұлттық көлік стратегиясын тиімді жүзеге асырудың маңызды алғышарты болып табылады. Бәсекеге қабілетті авиациялық сектор жаңа жұмыс орындарын қалыптастыруға, аймақтық туризм мен кәсіпкерлікті дамытуға, инвестициялық тартымдылықты арттыруға және ұлттық экономиканың жалпы өнімділігін ұлғайтуға айтарлықтай үлес қоса алады. Сондықтан да авиация саласының бәсекеге қабілеттілігін кешенді талдау мен бағалау тетіктерін анықтау, оның негізгі факторларын айқындау және экономикалық даму жүйесіндегі рөлін ғылыми тұрғыдан негіздеу бүгінгі таңда өте өзекті мәселе болып табылады.

Зерттеу барысында Алтаева Г.О. авиакомпаниялардың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың халықаралық тәжірибесін зерттеп, оны Қазақстанда бейімдеу мүмкіндіктерін анықтады; Қазақстан Республикасының авиация саласының ағымдағы жай-күйін бағалап, оның күшті және әлсіз жақтарын анықтады; көп критериалды талдау әдістеріне негізделген авиакәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін кешенді бағалау әдістемесін ұсынды және еліміздегі авиация саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыру бойынша ұсынымдар әзірледі.

Зерттеудің практикалық маңызы – отандық авиакомпаниялардың даму стратегияларын жетілдіруге, басқару тиімділігін арттыруға және саладағы

бәсекелестікті күшейтуге бағытталған ұсыныстарда көрініс тапқан. Автордың ұсынған шаралары Қазақстанның азаматтық авиациясын халықаралық стандарттарға сәйкестендіруге мүмкіндік береді.

Жұмыс жоғары ғылыми деңгейде орындалған, мазмұны жүйелі, логикалық тұрғыда бірізді баяндалған. Диссертацияның құрылымы мен мазмұны ғылыми талаптарға толық сәйкес келеді. Зерттеу әдіснамасы кешенді және ғылыми талаптарға сай. Жұмыста талдау, синтез, салыстырмалы және жалпылау әдістері, сондай-ақ көп критерийлі бағалау мен сараптамалық талдау тәсілдері тиімді қолданылған.

Зерттеу нәтижелері ғылыми конференцияларда баяндалып, талқыланған, сондай-ақ халықаралық және республикалық ғылыми журналдарда жарияланған. Автордың Scopus базасына енгізілген журналда мақаласының жарық көруі жұмыстың халықаралық деңгейдегі маңыздылығын дәлелдейді.

Жалпы алғанда, диссертациялық жұмыс мазмұнының ғылыми тереңдігімен, талдау дәйектілігімен және тәжірибелік құндылығымен ерекшеленеді, зерттеу нәтижелері авиация саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған мемлекеттік саясатты жетілдіруде пайдалануға жарамды.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Алтаева Гүлмира Орынбайқызының «Авиация саласының бәсекеге қабілеттілігі Қазақстан Республикасының экономикалық даму факторы ретінде» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы «6D050600 - Экономика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынылады.

Ғылыми кеңесші:

Кенжеғали Сагадиев атындағы Халықаралық Бизнес Университетінің «Қаржы және есеп» кафедрасының профессоры, «08.00.05- Экономика және халық шаруашылығын басқару», «08.00.01- Саяси экономика» мамандықтары бойынша ғылымдарының докторы



М.У. Спанов

